

**6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)»атты диссертациясына**

### **ПІКІР**

Қазіргі отандық тіл білімінде теледидар мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері өте аз зерттелген. Осы тұрғыдан келгенде Акабаева Мадинаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» атты диссертациясындағы аспекти тақырыпқа арналған.

Диссертант медиамәтіндердің тілдік табиғатын зерттеген шетелдік және отандық зерттеушілердің тұжырымдарына сүйене отырып, медиамәтіндердің басты тілдік белгілері айқындаиды. Зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі балаларға арналған медиамәтіндердің медиалық (акпараттық), фасцинация (тартыымдылық), мультимодальділік, аксиологиялық, прагматикалық, интегративтілік, интерпретациялық сипаттарты анықталып, оны телебағдарлама мәтіндерінен алынған мысалдар арқылы дәлелдейді. Балаларға арналған медиамәтіндер жас ерекшеліктеріне және жанрлық-спецификалық түрлеріне байланысты өте сәтті жіктелген.

Диссертациялық жұмыста балаларға арналған телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұракты тіркестердің танымдық қызметі нақты айқындалған.

Диссертациялық зерттеудегі қол жеткізілген корытындылар мен тұжырымдар нақты тілдік фактілер мен мысалдар арқылы дәлелденген. Диссертация нәтижелері қазақ тіл біліміндегі медиалингвистика, когнитивтіклингвистика, мәтінлингвистикасының теориялық тұрғыдан жаңа жырым, түйіндермен толықтырады. Зерттеу жұмысында автор концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация әдісі, метафоралық модельдеу, фреймдік талдау, контент-талдау, статистикалық талдау) әдістерін ұтымды қолдана алған.

Диссертациядағы ғылыми теориялық ой тұжырымдар бір-бірімен сабактасып, логикалық бірізділікке құрылған.

Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» атты 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы толыққанды аяқталған, ғылыми жаңалығы негізделген ғылыми жұмыс. Сондықтан оның авторы Акабаева Мадина Отановна аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық деп есептейміз.

Пікір білдіруші

«Тұран-Астана» университетінің профессоры  
филология ғылымдарының докторы Р.А.Айкенова

